



ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН ҚОЛДАУ ҚОРЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Алматы, 2011 ж.

БАЛА ТӘРБИЕСІ
БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ, – Алматы:

Ислам мәдениеті мен
білімін қолдау қоры, 2011, – 32 бет

© Ислам мәдениеті мен
білімін қолдау қоры, 2011

КІРІСПЕ

Әуелі барша жаратылыстың дара иесі, екі ғаламның меңгерушісі Аллаһ тағалаға сансыз шүкірлер болсын!

Көркем мінез-құлықтың ең биік шыңына жеткен, ерекше қасиетке ие пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға (с.ғ.с.) және оның жолын бекем ұстанған үмбетіне игілік пен сәлем болғай!

Құрметті оқырман! Бұл еңбекте бүгінгі мақтанышымыз, ертеңгі келер ұрпағымыз сүйікті балалардың тәрбиесі жайында сөз қозғалады. Өйткені, бала – өмірдің сәні, бақыттың нысаны, ертеңгі күнді жалғастырушы – ұрпақ.

Қоғам отбасынан құралады. Ал отбасы ата-ана мен баладан тұрады. Осы отбасының шайқалмай берік тұруы ата-ана мен балаға қатысты. Ата-ана үшін өмірдегі ең үлкен қуаныш бала болса, перзент үшін де ата-анадан қымбат ешкім жоқ.

Ислам діні ата-ана мен баланың қарым-қатынасын жақсы деңгейде болуын басты назарда ұстайды. Сондықтан, ата-ананың разылығын перзенті Аллаһ тағаланың разылығы деп біледі. Сол үшін екі жаққа да маңызды, яғни ата-ана мен бала арасында аса назар аударатын бірнеше жәйттар бар. Әсіресе, ата-анаға түсетін міндет басым. Себебі, бала тәрбиесі дала бағындағы гүл өсіруге мүлдем ұқсамайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Баланы жастан» дегендей, баланың өсіп өркендеп, қанат жаюы, инабатты, ибалы болуы ата-анаға тікелей қатысты. Ибраһим пайғамбардың: «Уа, Раббым! Мені әрі ұрпақтарымды намазды толық орындаушы ете гөр!», – деп дұға жасағанындай балаларымызды ең әуелі иманды, ибалы, дер кезінде намаз оқитын перзент етіп тәрбиелеуіміз керек.

Сонымен қатар, **«Ей, мүминдер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар»** («Тахрим», б), – деп Қасиетті Құран аяттарында айтылғандай, отбасындағы балалар мен отбасы мүшелерін қадағалап, оларға дұрыс тәрбие беру аса маңызды. Егер біз мінез-құлқы жақсы, діндар, ұлт намысы жоғары отан сүйгіш игі балалар тәрбиелейтін болсақ, біз дүниеден озсақ та амал дәптерлеріміз жабылмай, қияметке дейін сауап жалғасуына олар дәнекер болады.

Сахаба Әбу Һұрайра (р.а.) келтірген деректе Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде былай дейді: «Адам баласы дүние салғаннан соң амал дәптері жабылады. Бірақ мынадай үш кісінің амал дәптерлері қиямет күніне дейін жабылмайды:

1. Садақа жария (жол, көпір, мешіт, оқу орны т.б. тәрізді адамдарға пайдасы тиетін іс-амалдар жасалса);

2. Пайдалы ілім қалдырған кісі (яғни кітап жазып, құнды еңбектер қалдырса, шәкірт тәрбиелесе);

3. Өзінің артынан дұға тілейтін игі перзент қалдырған кісі». (Мүслим, Тирмизи, Әбу Дәуіт).

Иә, балаларыма әкелік, аналық міндетімді атқардым деп немесе өзге біреулердің: «Не деген көп перзенті бар! Қызын көрмейсің бе керемет дәрігер, баласы да мықты заңгер! Ұлын көрмейсің бе, жақсы табыс табады, астындағы көлігін қарашы!», – деп мақтау айтсын деген мақсатта емес, балаларымыз бізге жақсы тәрбие беру үшін, бойында адамгершілігі мол ибалы, инабатты перзент етіп өсіру үшін берілді. Хадистегі «игі перзент» қалдырудағы мақсат, Аллаһ тағалаға иман келтірген мұсылман, яғни халал мен харамды айыра білетін, өзіне жүктелген құлшылығын жадынан тастамайтын, діндар перзент екендігі сөз етілуде. Демек, балаларымызды өзгелер мақтасын деп емес, оларды иманды, діндар игі ұрпақ етіп тәрбиелеуіміз қажет.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ БАСТЫ ҰСТАНЫМДАР

Ислам діні бала тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Ол жайлы қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде келтірілген. Бұл аяттар мен хадистердің басты ұстанымдарында адам баласының осы жарық дүние есігін ашқаннан ақыретке дейінгі қағидаттары қамтылған. Бала ұрпақ жалғастығы ғана емес адамзат баласының өмір жалғастығы ретінде танылады. Сол себепті мұндай мәселелер өзекті. Алдымен басты ұстаным ретінде мыналарды келтіруге болады:

Біріншіден, бала тәрбиесін о баста, яғни ана құрсағына түспей тұрып тәрбиелеуіміз қажет. Дәлірек айтқанда, ата-

ана балаға ниеттенген кезден-ақ «бісмиллә»-мен бастауы керек. Осыған байланысты, кейбір мұсылман елдерінде бұзық, нашақор, тәрбиесіз туған балалардың дүниеге келуін «бісмиллә»-сіз болған жағдайдың куәсі деп келтіреді. Яғни, ондай балалардың ата-анасы оларды дүниеге әкелер кезде «бісмиллә»-ны айтатын болса, мұндай жағдайларға тап болмас еді, керісінше, дені-басы сау, ақылды, зерек, жақсы перзент дүниеге келер еді дегенді алға тартады. Сондықтан, Ислам әдебінде әрбір қайырлы іс үшін «бісмилләні» айтуды өте маңызды деп санаған. Бұл жайында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Бісмиллә – әрбір жақсы істердің кілті. Бісмилләсіз іс берекесіз»*, – деген. Сол үшін, ең алдымен, әдепке көңіл бөлу керек. Әйтпесе, көзі бар ағашты жону қиынға соғады.

Екіншіден, нәрестенің құлағына азан айту. Нәресте туылған соң оң құлағына азан, сол құлағына қамат айту керек. Имам Тирмизи риуаят еткен хадисте Фатима анамыз Хасанды босанған кезінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) баланың құлағына азан айтқандығы туралы жеткізілген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір өсиетінде: *«Кімнің баласы туылғанда оң құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтса, ол нәрестеге жамандық келмейді»*, – деген. Басқа бір риуаятта былай делінген: *«Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.) қызы Фатима Әлиұлы Хасанды туған кезде Хасанның құлағына намазға азан айтқандай азан шақырған»*.

Мұсылман ғұламаларының пайымдауларына, аталмыш дәстүрдің хикмет-сырларына үңілер болсақ, мынадай мағыналарды байқаймыз. Адам баласының дүниеге келген кездегі ең бірінші еститіні Раббының ұлылығын паш ететін азан даусы, шәһәдат-куәлік сөзі болуы тиіс екендігін білдіреді. Куәлік сөзінің өлім халінде жатқан адамның құлағына айтылатыны сияқты дүние есігін жаңа ашқан нәрестеге де дініміздің осынау маңызды рәмізін құлағына құюмен бастау. Бір жағынан, азан сөздері нәрестенің құлағына кіріп, жүрегіне жетіп, бойын баурап алса, одан артық қандай бақыт керек!

Нәрестеге азан айтудың тағы бір сыры – азан сөздерінен шайтанның ат-тонын ала қашатынында жатыр. Өйткені өзезіл нәрестені туылғанша бақылайды. Ал әрбір пенденің жанында болатын қосақ-шайтаны нәресте туылып, оған алғаш келген сәттен-ақ азанның даусын естіп құты қашып, жеңіледі. Осылайша жаңа туылған адам баласын шайтанның

өзінің соңына ертпек болған әрекеті түкке аспай, салы суға кетеді.

Азан айтудың енді бір сыры – нәрестені Аллаһқа құлшылық етуге, хақ діні – Исламға шақыру болып табылады.

Үшіншіден, туылған нәрестемен сүйіншілеу. Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «**Әрбір үмбетке өздері ұстанатын салттар бекіттік**» («Хаж» сүресі, 67-аят) [1], – дейді.

Айта кететін бір жәйт – мұсылмандық салттар әлдебір ырымға, адамға қатысты пайда болмаған, керісінше, бұл пайғамбарлардан жалғасып келе жатқан игі дәстүрлер. Бұл дәстүрлердің негізінде Жаратушы Хақ тағаланың берген нығметіне шүкіршілік етіп, Оның жаратушылық сипатын мойындау жатыр, ал пенде өзінің пендешілік дәрменсіздігі мен әлжуаздығын қабылдау керек. Мысалы, дінімізде нәресте туылған кезде сүйіншілеп қуандыру, құттықтау айту дәстүрі бар. Оған дәлел – Құран Кәрім аяттарындағы Аллаһ тағала тарапынан жіберілген періштелердің Ибраһим, Зәкәрия сынды пайғамбарларды ізгі ұрпақпен сүйіншілегендігі туралы хабары.

Ал, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дүниеге келгені туралы қуанышты хабарды оның көкесі Әбу Ләһәбқа күңі Суәйба сүйіншілеп жеткізеді. Осы хабарды жеткізген кезде Әбу Ләһәб Суәйбаны күндіктен босатып, азат етті. Имам Бұхари риуаят еткен хадисте осы бір жақсы ісі үшін әрбір дүйсенбі күні Әбу Ләһәбтің азабы сәл жеңілдетілетіні айтылған.

Жалпы, қазақ халқында да осындай дәстүрлердің қалыптасуы, яғни хабар жеткізушіге сүйіншілік сыйсияпат беру осы аят-хадистер аясында шарифатпен құпталатындығына дәлел болса керек.

Төртіншіден, тахник жасау, яғни баланың таңдайын тәтті нәрсемен сүрту.

Тахник сөзі «құрманы шайнап, сонымен нәрестенің таңдайын сүрту» дегенді білдіреді. Шайналған құрманы саусақтың үстіне қойып, нәрестенің аузына салып, таңдайына жағып, уқалау. Егер құрма табылмаса, басқа да тәтті нәрсені қолдануға болады. Таңдай уқалаудағы мақсат – жаңа туған нәрестенің ауыз бұлшық еттерін нығайтып, емшек емуге дайындау болуы мүмкін. Бұл амалды салихалы тақуа, діндар адамдарға яки болмаса білімді ізгі кісілерге тапсырған дұрыс.

Сахаба Әбу Мұса әл-Ашъари өзінің ұлы туылғанда оны Пайғамбарға (с.ғ.с.) апарады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның атын Ибраһим деп қойып, бір құрмамен таңдайын уқалап, береке тілеп, дұға жасайды.

Сондай-ақ, Энәс ибн Мәліктен жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Талханың ұлы туылғанда бірнеше құрманы шайнап, сосын оны нәрестенің аузына салып, таңдайын уқалаған. Содан кейін баланың атын Абдуллаһ деп қойған.

Бесіншіден, нәрестеге ат қою. Нәрестеге ат таңдауда да басты талаптар бар. Есім ғұмыр бойы онымен бірге болады. Егер есімі нашар болса, оған көптеген кедергілер, ыңғайсыздықтар тудырады. Ал бұл өз кезегінде баланың бойында есімін қойған адамға деген жеккөрушілік сезімін тудыруы мүмкін. Сондықтан, есім таңдағанда оны жан-жақты қарастырған жөн. Яғни, ол сөздің мағынасына, көркемдігіне, нәрестеге үйлесімділігіне, оның жас кезінде, есейгенде және қартайғанда жарасымды болуына аса назар аудару керек.

Нәрестеге ат таңдау негізі әкенің құқығына жатады. Өйткені, оның есімі дүниеде де, ақыретте де нәрестенің есімімен қатар тұрады. Жазылғанда да әкесінің есімімен бірге айтылып, жазылады. Тіпті, әкесі қайтыс болса да, нәрестенің анасымен ажырасып кетсе де, айталық, сәбиді көрмесе де, оған көмек бермесе де бәрібір.

Әбу Дәуіттің «Сүнән» атты кітабында Әбу Дәрда риуаят еткен хадисте Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.): «*Сендер Қиямет күні өздеріңнің есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар, сондықтан да, есімдеріңді жақсартыңдар*», – деген. Сол үшін баланың атын таңдап қоюға ең бірінші оның әкесі лайықты.

Есімді әкесінің өзі қояды немесе жұбайына ұсынады. Қаласа, екеуінің ортасында жеребе тастауына да болады. Дей тұрғанмен, әке-шешесі баланың атын қоюға басқаларға рұқсат та бере алады. Мысалы, атасына, әжесіне деген сияқты. Әрдайым үлкендерді құрметтеп тұратын қазақы салт-дәстүр бойынша баланың атын көбіне ата-әжелер қойып жатады. Осы тұрғыдан алғанда бұл дұрыс. Сондай-ақ, баланың атын аса қадірлі, тақуа, ізгі жандарға, ғалымдарға да қойдыруға болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көптеген сахабаларының балаларының аттарын қойған.

Нәрестеге жақсы есім қою бұл баланың атына заты сай болып өсуіне ықпал етеді. Мысалы, балаға батыр кісінің есімін қойсаң, бала өскен сайын және ол кісінің ержүректігін таныған сайын өзін соған қарай бейімдеп өседі. Айталық, баланың аты Әбу Бәкір болса, сахаба Әбу Бәкір (р.а.) секілді, Омар болса, хазреті Омар (р.а.) сияқты, Осман, Әли деп есім қойылған болса, солар секілді салықалы болуға тырысады. Біздің де халқымыздың кемеңгер ұлы тұлғаларының, айталық, Абай, Ілияс, Шәкәрім, Ахмет деген сияқты т.б. есімдерін қойсаң, бала өсе келе, «жақсыдан шарапат» дегендей, солар сынды елдің мақтанышы болмасына кім кепіл?!

Ал енді баланың атын Мұхаммед деп қойсаң, сол атқа лайық болып өсуге талпынады. Сол үшін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы бір хадисінде: *«Әкеге жүктелген міндеттің бірі – балаға көрікті және рухани есім қою»*, – дейді (Бәйхаки).

Расын айту керек, соңғы уақыттары батыстың жат мәдениетіне еліктеп, кейбір ата-аналар өз перзенттерін мән-мағынасы жоқ, қайдағы бір есімдерді қойып жатқан жайы бар. Жоғарыдағы хадисте айтылғандай, балаға, ең алдымен, көрікті және рухани есім қоюымыз керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Балаларыңа пайғамбарлардың есімдерін қойыңдар, әрі есімдердің Аллаһ тағалаға ең сүйіктісі – Абдуллаһ («Аллаһтың құлы»), Абдуррахман («Рахманның құлы»)»*, – деген.

Имам Мәліктің *«Әл-Муатта»* деген кітабында мынадай дерек бар. Мұны Яхия ибн Сағид жеткізеді. Бірде Омар ибн Хаттаб (р.а.) бір кісіден:

- Атың кім? – деп сұрайды. Ол кісі:
- Жамра (қазақшасы «Шоқ»), – деп жауап береді.
- Кімнің ұлысың?
- Шиһабтың ұлымын (яғни Отты жұлдыз).
- Қай жерденсің?
- Әл-Харқаданмын (Күйгеннен).
- Үйің қайда еді?
- Харрат ән-Нар (Оттың ыстығы) деген аймақта.
- Оның қай тұсында еді?
- Зәту лаза («Жалынды») деген тұста, – дейді әлгі кісі.

Сонда Омар:

– Онда отбасыңа тез жет, олар өртеніп жатыр, – дейді. Барса, шындығында да Омар (р.а.) айтқандай болған екен.

Осы тұста ескере кететін тағы бір жәйт бар, ол шарифат бойынша кейбір есімдерге тыйым салынады. Айталық, Рахман, Жаппар, Әзиз, Рақым, Мәлік және т.б. осындай есімдер Аллаһ тағаланың көркем есімдері болғандықтан, бұларға қатыстырып қойғысы келген кісілер Аллаһтың есімдеріне «абдун-абд» яғни құл деген мағынаны білдіретін сөзді тіркестіріп қою керек. Сонда Абдуррахман, Абдужаппар, Әбдімәлік болады.

Сондай-ақ, осы есімдерді өзгертуге байланысты айта кететін тағы бір мәселе бар, ол – қазіргі қазақ қоғамындағы дінге бет бұрған бауырларымызға қатысты. Хадистерде айтылғандай Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.) тек жаман мағына беретін жағымсыз, сұмпайы есімдерді ғана өзгерткен. Жағымды мағына беретін есімдерді сол күйінде қалдырған. Ал: «Мен намаз оқыдым, дінге бет бұрдым. Сондықтан да, есімім де таза мұсылманша болу керек», – деген пікір жаңсақ түсініктен шыққан. Әсілінде, таза қазақы түбірлі есімдер де мұсылман есімдері, оларды мұсылман есімдері емес деп айтуға, әсте болмайды. Өйткені, Аллаһ тағала адамзатты ұлттар мен ұлыстарға бөліп, әрқайсысын өз ерекшеліктерімен жаратқан. «Мұсылман болу үшін тек таза араб тіліндегі есімдерді алу керек, қазақ тіліндегі есімдер надандықтың белгісі немесе таза мұсылман аттары емес» деп ойлау осы жаратылысқа қарсы шыққандай.

Сондықтан, кейбіреулердің жап-жақсы мағына беретін Берік, Болат, Жанұзақ, Серік т.б. сияқты қазақтың есімдерін арабша Талхаға, Ясирге, Абдуррахманға өзгертулерінің ешбір жөні жоқ. Бұл – жалаң еліктеушілік. Жоғарыдағы хадистен аңғарғанымыздай Қиямет күні әрбір пенде өзінің алғашқы қойылған есімімен шақырылады.

Алтыншыдан, баланың шашын алу. Мұсылмандық салт бойынша нәресте туылған соң жетінші күні шашын алып, сол шаштың салмағындай күміс яки алтын мөлшерінде садақа беру керек. Бұл амалдың екі түрлі пайдасы бар. Бірінші, денсаулыққа пайдасы, яғни, шаш алу нәрестенің құйқасының, жалпы ағзасының күшеюіне әсер етеді. Екінші, әлеуметтік пайдасы, оның шашының салмағындай садақа беру мұсылман қоғамындағы әлеуметтік ынтымақты нығайтады.

Нәрестенің шашын алуға мынадай хадистер дәлел бола алады. Бір риуаятта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы

Фатиманың (р.а.) ұлдары Хасан мен Хусейн, қыздары Зейнеп пен Умму Гүлсімдер туылғанда, олардың шашын алып, сол шаштың салмағындай садақа бергендігі туралы айтылған.

Ал, ибн Ысхақтың Мұхаммед ибн Али ибн әл-Хусейннен жеткізген хадисінде Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.) қызы Фатима Хасанды босанған кезінде: *«Уа, Фатима! Оның шашын алып, сол шаштың салмағындай күмістен садақа бер»*, – деп бұйырған.

Сөзімізді түйіндей келгенде, Ислам діні бала тәрбиесін еш назардан тыс қалдырған емес. Баланың тәрбиесі жайлы қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері жетерлік. Алайда, оған амал келтірудің жөні болмай тұрғаны ақиқат. Жоғарыда келтірілген тәрбиенің басты ұстанымдарына өз дәрежесінде амал етсек, онда адамзат баласының бұл жарық дүние есігін ашқаннан ақыретке дейінгі қағидаттары сақталған болар еді. Мұндай қағидаттардың сақталуы баланың қоғамдағы алар орнына тигізер ықпалы мол. Сол себепті, ұсынылған ұстанымдарды баланың ғана емес, келешектің де саналы жалғасы ретінде танылуына жол ашады деп білген дұрыс.

АТА-АНАНЫҢ БАЛА АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Отбасын құрып, отау тіккеннен соң жұбайлардың сүйеніші, мақтанышы, қуанышы – сәби. Яғни, ата-ана үшін бала өмірдің сәні. Сондықтан, кез келген ата-ана Аллаһ тағаладан жақсы перзент беруін тілейді. Ал перзент отбасының шайқалмауында үлкен рөл атқарады. Расын айту керек, кейде кейбір отбасында сәби дүниеге келмей, балаға зар болып, бармақтарын тістеп жатса, кейбір ата-ана баласының болғандығына кейіп, қарғысын жаудырып жатады. Десе де, ата-ананың жақсылық жасауына бірден-бір құқылы адамдарының бірі – перзенті. Өйткені, бала – Аллаһ тағаланың аманаты. Раббымыз олардың тәніне де, жанына да жақсы тәрбие беруді өсиет еткен.

Осы тұрғыда балаларымызға жасаған әрбір үлкенді-кішілі істеріміз – мойнымыздағы міндетті орындау болып

табылады, әрі бізді Аллаһқа жақындататын сауабы мол игі әрекеттердің бірі саналады. Ислам діні ата-ана мен баланың қарым-қатынасын жақсы деңгейде болуын үгіттей келе, ата-ананың разылығы мен перзенттің ризашылығын Аллаһ тағаланың разылығы деп біледі.

Сондықтан, ата-ана баласына жақсы тәрбие берерде, ең алдымен, ықылас-ниетін дұрыстап, әрі мұны Аллаһ разылығы үшін орындау қажет. Дегенмен мұнда екі жаққа да маңызды, яғни, ата-ана мен бала арасындағы қатынаста аса назар аударатын жәйттар бар. Айталық, перзенті алдында ата-ананың мынадай міндеттері бар:

Бірінші, ата-ана перзенттерінің арасын алаламай әділ көңіл бөлуі қажет. Әсіресе, оларды жақсы көрген кезде барлығын бірдей жақсы көру керек. Кей уақытта ата-ана ұл-қыздарын бірін-бірінен артық көріп жатады, тіпті біреуін сүйіп аймалап жатса, екіншісін жекіп, ұрсып тұрады. Алайда бұл дұрыс емес.

Қай уақытта, қандай жағдайда болмасын ата-ана балаларының арасын бөле жармай не берсе де әділ болып, ешқайсысының көңілін қалдырмауы тиіс. Әрине, балаларға деген сүйіспеншілік пен мейірімділік әрдайым болу керек. Бірақ қайткен күнде де орта жолды ұстанған жөн. Өйткені Құран Кәрімде: **«Мал-дүние мен бала-шаға дүние тіршілігінің ғана сәні ...»** («Кәһф» сүресі, 46-аят) делінген.

Сондықтан, тек бала-шағаның қамын күйттеп кетпей, о дүниеге пайда келтіретін жақсылықтарды да естен шығармау ләзім. Тағы бір аятта: **«Ол күні дүние-мал да, бала-шаға да пайда бермейді. Бірақ кім Аллаһқа шынайы жүрекпен келсе ғана пайда береді»** («Шұғара» сүресі, 88-89 аяттар), – делінген.

Екінші, ата-ана ұлы мен қызына бірдей қарау керек. Жоғарыда айтқанымыздай, ата-ана балаларының арасын бөліп жармай, әрқайсысының өз орнын біліп, әділетті болуы тиіс. Кейбір отбасында жұбайы ұл емес қыз босағандықтан, көңілдеріне қаяу түсіп, ренжіп жатады. Нәрестенің ұл немесе қыз болуы біздің еркімізде емес. Құран Кәрімде: **«Көктер мен жердің иелігі Аллаһқа тән. Аллаһ қалағанын жаратады. Кімге қаласа, қыздар, кімге қаласа, ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен**

береді. Сондай-ақ, қалағанын бедеу етеді. Күдіксіз Ол толық білуші, аса күшті» («Шұра» сүресі, 49-50 аяттар).

Сондықтан, Аллаһ тағала перзент сыйлағаннан соң, оның жынысына қарамай жақсы тәрбие беріп, бағып-қағу міндет. Ата-ана тек шүкіршілік білдіріп, Аллаһ тағаланың разылығы үшін үлкейтіп, дұрыс көңіл бөлуі тиіс.

Үшінші, ата-ана перзентіне жақсы тәрбие беруі ләзім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде былай дейді: *«Ешбір әке баласына көркем әдептен артық сыйлық берген емес»* (Тирмизи, 33).

Сондықтан, ата-ана, ең әуелі, баланың жүрегіне, санасына Аллаһ тағалаға деген сенімін орнықтыруы қажет. Өйткені, олар Аллаһ тағаланың аманаты. Ең бастысы, олардың жандарын, ішкі дүниелерін пайдалы білімдер мен ақиқат танымдар арқылы тәрбиелеп, оларды мақтаулы мінез-құлықтарға баулып, жаман қылықтардан сақтандыру қажет. Себебі, балаларды көркем әдептерге баулу – оларға бұлдүниедеалтын-күмістағыбасқасолсияқтытүрлідүниелік бұйымдарды сыйға тартудан әлдеқайда артық. Яғни, көркем әдептер мен мінез-құлықтар олардың мәртебесін көтеріп, бақытқа кенелтеді. Құран Кәрімде айтылғандай Лұқман пайғамбар (ғ.с.) баласына мынадай өсиет еткен еді: **«Сол уақытта Лұқман өз ұлына үгіт бере отырып: «Әй, ұлым! Аллаһқа серік қоспа! Күдіксіз серік қосу үлкен зұлымдық, – деді. – Әй, ұлым! Тарының салмағындай болса да, бір жартастың ішінде болса да, көктерде не жерде болса да, Аллаһ оны қиямет күні келтіреді. Расында, Аллаһ өте жұмсақ, толық білуші. Әй, ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа түскен ауыртпашылыққа сабыр ет. Рас, бұлар маңызды істерден. Адамдарға паңсып қырындама да, жерде кердеңдеп жүрме. Шынында, Аллаһ бүкіл даңдайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді. Жүрісінде орташа бол да. Дауысыңды бәсеңдет. Сөз жоқ дауыстардың ең жаманы есектің дауысы» («Лұқман» сүресі, 13-19 аяттар).**

Сосын баланың жүрегіне иман сенімін орнықтырғаннан кейін оларға намаз үйретіп, әрі намаз оқуларын қадағалау қажет. Себебі, Аллаһ Құранда былай дейді: **«Отбасыңа намаз оқуды әмір ет және өзің де оған көңіл бөл»** («Таха» сүресі, 132-аят).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «*Бала жеті жасына келгенде оған намаз үйретіндер. Он жасына толғанда намаз үйрету үшін керек болса, ұрып қойыңдар*», – деген (Тирмизи, Мауақиф 182).

Яғни, баланы жас кезінен бастап жақсы мен жаманды, күнә мен сауапты үйретіп, әрбір іс-әрекетін осылайша орындауға дағдыландыру керек. Сол үшін ата-ана перзентіне барлық әдептілікті үйретіп, әрі өздері де дұрыс үлгіде болуы тиіс. Өзі намаз оқымай баласына намаз оқы десе, ішімдіктің харам екендігін, оның денсаулыққа зиян екендігін айтып, бірақ, өзі мұны орындамайтын болса, мұндай ата-анадан бала қандай тәрбие алатыны айтпаса да түсінікті болар. Құран Кәрімде: **«Әй, мүміндер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар. Оның басындағы періштелер жуан денелі, қатал. Олар Аллаһтың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырылса, соны орындайды»** («Тахрим» сүресі, 6-аят).

Төртінші, ата-ана баласының алдында әурет жерлерін жауып және жаман сөз сөйлеуден сақ болғаны жөн. Ата-ана балаларының көз алдарында, тіпті, үй ішінде болса да әурет жерлерін жабатын киімдер кигені дұрыс. Сондай-ақ, оларға жастайынан бөлек бөлме әзірлеп, өздерінің жатын бөлмелеріне рұқсатсыз кірмеуді үйретуі қажет. Өйткені, Құран Кәрімде: **«Әй, мүміндер! Меншіктеріңдегі құл-құндер, әлі ер жетпеген балаларың, осы үш мезгілде (қастарыңа) рұқсат сұрап кірсін. Таң намазының алдында, түсте киімдеріңді шешкен уақытта және құптан (түнгі) намазынан кейін. Сендер үшін осы үш уақыт ұялатын мезгіл. Бұлардан кейін (басқа уақытта) сендерге де, оларға да айып емес. Өйткені, сендер бір-біріңе кіріп, шығуларыңа керексіңдер. Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын баян етеді. Аллаһ толық білуші, хикмет иесі»** («Нұр» сүресі, 58-аят).

Сонымен қатар, ата-ана бір мәселе жайында әңгімелесетін болса, балаларының көзінше әңгімелеспегені абзал. Әсіресе, бала алдында дөрекі сөйлеуден, біреуді балағаттаудан сақтанғаны жөн. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ата-ана отбасында үлгілі, әдепті болуы тиіс.

Бесінші, ата-ананың тағы бір міндеті балаларының

материалдық қажеттіліктерін өтеу. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «*Бір адамның қайыр жолында жұмсаған ақшасының ең жақсысы – отбасына жұмсаған ақшасы*», – дейді [2].

Сол үшін оларды дұрыстап ішкізіп-жегізіп, өмірлерін баянды етуі керек. Ата-ана бұл үшін Аллаһтың алдында жауап беретін болады. Сондай-ақ, ана емізулі сәбиін де Аллаһтың өмір еткеніндей мерзіммен емізуі қажет. Аятта: «**Емізуді тәмәмдағысы келген кісі үшін аналар балаларын толық екі жыл емізеді**» («*Бақара*» сүресі, 233-аят), – делінген.

Айта кету керек, кейбір ата-ана жағдайларының жоқтығынан бала туғысы келмейді. Оларды асырай алмайтындықтарын сылтау етеді. Сол үшін, тіпті, кейбір әйелдер жатырындағы баласын да алдырып тастайды. Не үшінбұлайістегенінсұрайқалсаңыз, тұрмысжағдайларының нашарлығын алға тартады. Ал Аллаһ тағала бұл жайында Құран Кәрімде былай дейді: «**Бір де кедейшіліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер. Біз оларды да, сендерді де қоректендіреміз** (ризық береміз). **Расында, оларды өлтіру үлкен қателік**» («*Исра*» сүресі, 17-аят).

Дана халқымыз «Қой егіз туса, бір уыс жусан артық шығады» деп текке айтпаса керек. Сонымен, ата-ана балаларының тек материалдық жағдайын жақсартып қана қоймай, олардың жоғары білім алып, белгілі мамандық иесі болуына, ең бастысы, иманды, бойында адамгершілігі мол азамат ретінде жетілдіріп, тәрбиелеу керек. Біз жоғарыда ата-анаға жүктелген бірнеше міндеттерді айтып өттік. Енді перзентке де қойылатын міндеттерді еске салып өтейік.

Ата-ана бізді мәпелеп, өсіріп, ер жеткізіп, азамат болуымыз үшін қолынан келген барлық мүмкіншілігін жасап тәрбиеледі. Сондықтан, біз де ата-анамызға құрмет көрсетіп, қартайған шағында олардың көңілін қалдырмай соңғы деміне дейін аялап қарауымыз керек. Аятта: «**Аллаһқа құлшылық етіңдер. Оған ешнәрсені ортақ қоспаңдар және әке-шешеге жақсылық жасаңдар**» («*Ниса*» сүресі 36-аят), – делінген.

Хадисте: «*Аллаһтың ризалығы ата-ананың ризалығында, Аллаһтың ашуы ата-ананың ашуында*», – деген (Тирмизи). Сондықтан, ізгілік атаулының ең биігі

– ата-ананың разылығын алу. Яғни, ата-ананы риза ететін кез келген мәміле мен қарым-қатынас, кез келген тәсіл-шара жақсылыққа жатады. Дәлірек айтқанда, ата-анаға қарау, қамқорлық жасау, оларды бағып-қағу перзенттің ең басты міндеттерінің бірі. Ал оларға қарсы сөз айту, оларға құрметсіздік көрсету үлкен қателік, үлкен күнә.

Құран Кәрімде бұл жайында былай дейді: **«Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық жасауларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуі қастарыңда (көз алдарыңда) кәрілікке жетсе: «Уһ» деме. Сондай-ақ, ол екеуіне зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп, мейірім құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымнан тәрбиелегендей, Сен де оларды мейіріміңе бөлей көр!» – де»** (*«Исра» сүресі, 23-24 аяттар*).

Сол үшін ата-анаға құрмет көрсету парыз әрі шексіз сауап. Сондай-ақ, ата-ананы бұл дүниеде құрметтеп қана қоймай бұл дүниеден өткен соң да, оларды еске түсіріп, айтқан өсиеттерін бұлжытпай орындау керек. Олар үшін Аллаһ тағаладан кешірім тілеп, артынан дұға жасап тұру перзенттік борышымыз.

Сөзімізді түйіндей келгенде, ата-анаға құрмет етудің шегі жоқ. Ал ата-ананың бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуінің залалы үлкен. Яғни, перзент мол жеміс үміт ететін бау-бақша іспеттес, бұл жас бақтарға, балғын бұтақтарға көңіл бөлмесек, дер кезінде суарып зиянды нәрселерін тазартпасақ, өсіп өркендеп, қанат жаюына қажетті жағдай жасамасақ, олардан жеміс күту барып тұрған ақымақтық болар еді.

Ендеше, ертеңгі күні орныңды басушы, бақытыңның нысаны, артыңнан өзіңе дұға тілеп игілік әкелетін перзенттер қалдыруды назардан тыс қалдырмаған абзал.

ИСЛАМДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жарық дүниеде ата-ананың бақыты, қуанышы, арманы бала сүю. Әрбір ата-ана Аллаһ тағаладан жақсы перзент беруін тілейді. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте

маңызды. Дініміз Исламда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Өйткені, баланы тәрбиелеу сонау көне заманнан бері күні бүгінге дейін күн тәртібіндегі маңыздылығын жоймаған. Бүгінгі бала – елдің ертеңгі болашағы. Келешегін ойлайтын саналы ел ертеңгі күнін бүгіннен жоспарлап, бүгіннен ойластырары хақ. Сондықтан болса керек, дана халқымыз бала тәрбиесіне ешуақытта бей-жай қарамаған. «Баланы жастан...», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөздер осыны айғақтаса керек.

Тәртіпті де, тәрбиелі ұрпақ өсіру – отбасылық өмірдің негізгі мақсаттарының бірі. Сонымен бірге, Аллаһ тағаланың сауабы көп амалдардың бірі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) риуаят еткен хадистерінің бірінде бала тәрбиесінің исламдағы орнын былай атап өткен: *«Әкенің баласына жақсы тәрбиеден артық берер сыйлығы болмас»* (Тирмизи, Бирр).

Тағы бірі: *«Кімде-кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды (жақсы жерге) тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Аллаһ тағала ол кісіні жәннатына кіргізеді»* (Әбу Дәуіт, Әдеп).

Жалпы, бала дүниеге келген кезде пәк, Ислам болмысы негізінде туылады. Содан кейін ата-анаға аманат етіледі. Ата-ана бұл аманатты тиісінше өз дәрежесінде орындауы тиіс. Бұл ретте, бала тәрбиесінде келешекте оның қай бағытты таңдайтындығында ата-ананың рөлі өте маңызды. Мұны мына хадисте ашық түрде баяндалғанын көреміз: *«Туылған әрбір сәби Ислам бойынша дүниеге келеді. Кейін ата-анасы өз діндеріне қарай оны яһуди, христиан немесе мәжуси етеді»*.

Міне, ата-ана өз баласының болмысы бұзылмауы үшін оларға жастайынан ақиқатты үйретуі, дұрыс жолда тәрбиелеу керек. Олай болмаған жағдайда, Аллаһтың алдында жауапқа тартылады. Бұл жайлы пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисі келтірілген: *«Барлықтарың шопансыңдар және әркім бағып жүрген малына жауапты. Патша да бір шопан және ол қол астындағыларға жауапты. Ер кісі де бір шопан, ол отбасы мүшелеріне жауапты. Әйел кісі де күйеуінің үйінің шопаны және ол да өз ісіне жауапты... Қысқасы, барлықтарың шопансыңдар және әркім өз міндетіне жауапты»* (Бұхари, Мұслим).

Бұл хадистерде ата-анаға, әсіресе, әкеге бала тәрбиелеуде үлкен міндет пен үлкен жауапкершіліктің жүктелгенін аңғарамыз. Тіпті, хадисте әкенің жауапты болатыны өте анық түрде айтылып өткен.

Өмірлік жолдас ретінде салиқалы жар таңдау бала тәрбиесі үшін басталатын алғашқы қадам. Хадисте: *«Діндарлығы мен мінез-құлқы көңілдеріңнен шығатын жан жолықтырсаңдар, қыздарыңды тұрмысқа беріңдер. Олай істемеген жағдайда, жер бетіне бүлік, бұзақылық жайылады»*, – делінген.

Омардан (р.а.) әкенің баласы алдындағы міндеттері қандай деп сұрағанда: «Оған жақсы ана таңдау, жақсы ато қою және Құран үйрету», – деп жауап берген. Сондықтан, Аллаһ тағалаға «Бізге салиқалы ұл мен қыз нәсіп етпейсің!» деп дұға жасағанымыз жөн.

Балалық шақ және жасөспірімдік кезең адам өміріндегі сенім, мінез-құлық, ахлақ сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің бесігі – отбасы. Отбасының үлгі бола алуы – игі ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені, өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары – ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы.

Жалпы, отбасы тұлға шынығып, шыңдалып, қалыптасатын орын. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Міне, жанұя жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Содан кейін осы қаланған қасиеттер әдетте ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады.

Қазіргі заманымызда кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады. Тіпті, осы тұрғыда психологтардан ақыл-кеңес сұрап та жатады. Алайда, көп жағдайда сондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналардың өздерінен болып шығады. Өйткені, сол ата-аналардың бұрыннан өздері түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қатекемшіліктерін түсінбеген сондай ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты таңданып жатады.

Сондықтан да, бала тәрбиесі ата-ананың өздерін-өздері тәрбиелеуден, өз-өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиелеудегі басты алғышарттардың бірі де осы. Хадис шәрифте дүниеге есігін енді ашқан нәресте табиғатының таза, ахлақ, кіршіксіз саф болып туылатындығы, әрі бұл тазалықтың Жаратушының әу баста жаратқан түпнұсқасы екендігі айтылады.

Бұрынғыдан қалған нақыл сөзде «Адам баласы жақсы да, жаман да қасиеттермен туылады, ал бірақ өтірікті қоршаған ортадан алады» делінген. Бұл ата-ана баласына өтірік айтпауы қажет дегенді алға тартады. Ата-ананың балаға өтірік айтпауы керектігі жайлы мынадай риуаят бар. Абдулла ибн Амир былай дейді: «Бір күні үйімізде Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.) отырғанда анам: *«Бері кел, бірдеңе беремін»*, – деп мені шақырып алды. Сонда Аллаһтың елшісі (с.а.у.): *«Оған не бермекші едің?»*, – деп сұрады. Анам: *«Бір түйір құрма бермекші едім»*, – деді. Сонда Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.): *«Егер ештеңе бермегеніңде, саған бір өтірік жазылар еді»*, – деді.

Ислам діні бойынша ата-ана балаларына жас кезінен бастап жақсы-жаман және күнә-сауап нәрселерді үйрету, түсіндіру, әрбір іс-әрекетін сол бойынша орындауға дағдыландыру керек. Балаға ең алдымен Аллаһтың жалғыздығын, Оның еш теңдесі жоқ, Ол барлық нәрсені Жаратушы, Бақылаушы, қияметте барлық жан Оның алдына жиналып, істеген амалдарынан сұралатындығын, жақсы амалдары үшін сый, ал жаман әрекеттері үшін жазаға тартылатындығын, қысқасы, дұрыс ақиданы (сенім) түсінікті тілмен үйретуі керек.

Балаларын сүйіспеншілікпен тәрбиелеу әр ата-ананың міндеті. Бұл тұрғыда біздің идеалымыз – Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәбиге өте мейірімді, балажан болған. Ол бірде балаларын еміреніп сүймейтінін айтқан бәдәуиге: *«Алла тағала жүрегіңдегі мейіріміңді алып қойған болса, мен не істейін енді?»* – деп реніш білдірген. Себебі, мейірімділікпен өскен бала да мейірімді болады. Мейірімділік жүректі жібітіп, оның жұмсақтығын жоғалтпауын қамтамасыз етсе, қатыгездік пен салқындық керісінше, жүректі қатайтады.

Тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: *«Кімде-кімнің қыз баласы болып, оған жақсы тәрбие*

берсе, жетерліктей ішіп-жегізсе, Алла тағаланың берген нығметінен молынан берсе, ол қыз оған береке кіргізеді, әрі тозақтан құтқарып, жәннатқа кіруге себепкер болады».

Баланы жеті жасқа толғанда намазға баулып, Аллаһтың алдындағы міндеттерін, яғни мұсылмандық парыздарын үйренуге тәрбиелеген жөн. Өйткені, Құран Кәрімде: **«Үй ішіңе намаз оқуды әмір ет, өзің де сабыр сақтап үнемі орында»** («Таха» сүресі 132-аят), – деп бұйырылған.

Шындығында, ұрпақ тәрбиесіне Ислам діні ұстындарында ерекше мән беріледі. Қасиетті аяттар мен хадис шәрифтерде ұрпақ тәрбиесінің тым әріден, яғни адамның үйленбей тұрып жақсы жар таңдауынан басталатындығы айтылады.

Омардың (р.а.) халифалығы кезінде бір адам оған баласын ертіп келіп: *«Ей, мұсылмандардың әміршісі. Мынау – менің ұлым. Өзіме қарсы шығып, жапа шектірді»,* – деп шағымданады. Омар (р.а.) балаға қарап: *«Құдайдан қорықпайсың ба? Баланың әке-шешеге қарсы шыққанын кімнен көрдің? Ата-ананың ақысын білмеуші ме едің?»* – деп ұрсады. Бала еш қаймықпай: *«Мырзам, айтып тұрғаныңыз әке-шешенің ақысы. Ал, баланың ақысы жоқ па?»* – деп сұрайды. Омар (р.а.): *«Иә, ата-анада баланың да ақысы бар. Ең әуелі үйленерде баласына ана болатын жақсы жар таңдауы тиіс. Тәрбиесіз қызға үйленсе, болашақта туылатын балаға қиянат жасаған болады. Баласы туылғанда оған жақсы ат қоюы керек. Сосын ес білгенде оған Аллаһтың кітабы Құранды үйретуі керек»,* – деп санап береді.

Мұны естіген бала: *«Уа, мұсылмандардың әміршісі! Әкем жоғарыдағы айтқандарыңыздың ешбірін орындаған жоқ. Біріншіден, менің анамды құл базарынан сатып алған. Оның өткен өмірі белгісіз. Екіншіден, маған қара қоңыз деген мағына білдіретін «Жуал» деген нақұрыс ат қойған. Үшіншіден, Құраннан бір әріп те үйретпеді»,* – деп зарлап қоя бергенде Омар (р.а.) баланың әкесіне бұрылып: *«Балаңның қиянат жасағанын айтып шағымданасың. Негізінде, сен оған қиянат жасағансың. Бұл қателік алдымен өзіңнен кеткен. Енді амал жоқ. Бар, жолыңды тап»,* – деп шығарып салады.

Сондықтан да, ізгі ұрпақ болуын қалаған жан ең әуелі балаға жақсы ана таңдауы, кейін жақсы ат беруі, одан кейін үйлендіруі, кейін жақсы тәрбие беруі керек.

Бүгінде кейбір ата-аналардың баласына бір тілім нан тауып беру үшін күнкөрістің қамымен үй бетін көрмей, тіршілік етіп жүргені ащы да болса, шындық. Осылайша, отбасының материалдық әл-ауқатын жақсартамын деп жүргенде бала тәрбиесі деген ұғым тіпті шет қалып жатады.

Қызығы, балаға рухани тәрбие берудің маңызды екендігін де кейде естен шығарып жататын жайымыз бар. Алайда, балалардың болашақта тікен немесе гүл болып өсуі, тәтті немесе ащы жеміс беруі себілген дәнге, яғни оған берілген тәрбиеге байланысты екендігін, әсте ұмытпағанымыз жөн. Сондай-ақ, шалағай берілген тәрбиенің соңы ата-ананың өзін де, ұрпағын да өкінішке, бақытсыздыққа душар етуі әбден мүмкін.

Бүгінде қоғамдағы жастарымыздың арасындағы келеңсіз жәйттердің орын алуы осының бір мысалы. Мектеп қабырғасындағы оқушының жүкті болғандығын естуіміз күнделікті қалыпты жағдайға айналып барады. Жуырда мектеп қабырғасындағы тоғызыншы сыныптың қызы жүкті болғандығы жайлы хабар тарағанда көпшіліктің мұны кәдуілгі жай деп қабылдауы таңдандырғаны рас. Он екі гүлінен бір гүлі ашылмаған қыздың мұндай іске баруына кімді кінәлайсыз? Ата-анасын ба, әлде жігітті ме? Жарайды жігіт кінәлі болсын делік. Алайда, олай емес екен. Өйткені, мәселенің анық-қанығы анықталғанда қыздың ата-анасы қызының қайда жүріп-тұрғандығына мүлде мән бермейтіні, тіпті, қыздарының бар екендігі ұмыт болған сыңайлы. «Әй!» – дейтін әже, «Қой!» – дейтін қожа болмағындықтан, оңы мен солын танымайтын қызды қалай кінәлайсың?

Міне, тәрбие беру деген міндет назардан тыс қалғандықтан, әрине, бала өзінің тәрбиешілерін тауып алады. Бұл бір ғана мысал. Мұндай жәйттердің неше түрлісін естіп, біліп те жүрміз. Біздің мақсатымыз оқиғаларды айту емес, мәселенің шешімін табу. Дерттің дауасын іздестіру. Бұл ретте тәрбие тал бесіктен басталатынын алға тартсақ, баланы тәрбиелеуді бесіктен емес, ана құрсағында жатқаннан бастаған абзал дегенді айтқымыз келеді.

Қорыта келе, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқандай, «көңіл жайдары» әрі ата-анаға берілген сый болып табылатын балалардың аманат екендігін естен шығармаған абзал.

Сондықтан балалардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар, рухани қажеттіліктерінің де өтелуіне баса назар аударуымыз қажет. Ата-ана Аллаһтың өздеріне нәсіп еткен мұндай нығметін зая кетірместен, оларды Жаратушының разылығына лайық дәрежеде тәрбиелеп өсірулері тиіс. Олай болмаған жағдайда, Аллаһтың алдында мұның жауабын беру аса қиынға соғады. Алайда, балаларымызды тәрбиелемес бұрын ата-ана мына ережені жақсы білуі керек: **«Егер баламыздың кемшіліксіз болғанын қаласақ, өзіміз кемшіліксіз ата-ана болуымыз шарт».**

БАЛАҒА БІЛІМ БЕРУ

Қазақ халқында «Баланы бастан...» деген даналы сөз бар. Бұл ретте баланың білімі маңызды екендігі негізге алынады. Өйткені, «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деген аталы сөзінен анықталады. Сондай-ақ, «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген даналықтың астары да тәрбие мен білімнің аясында қарастырылуы назарда болған.

Міне, мұндай даналы сөздердің барлығы келешек ұрпақтың қоғамнан алар орнын анықтағандай сипатқа ие. Шындығын айту керек, бүгінгі қоғамда жастарымыз діни білімді де алуға қол жеткізді. Алайда, оның қандай деңгейде жүріп жатқандығы нақтылануы тиіс сияқты. Жас ұрпақ жастайынан біліммен қоса діни тәрбиені де бірге алып өссе, өскенде мүмкін ғалым болар, не жақсы мамандық иесі болар, бірақ, өзіне, еліне, халқына пайдасы тиетін жақсы азамат болып өсуі еш күмән туғызбайды.

Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ елі Ислам діні мен араб жазуын қабылдағаны VIII ғасырдан бастау алады. Мұсылман мектептері мен медреселерінің өріс алуы IX-XII ғасырлар аралығына келіп тіріледі. Сонау саманилердің тұсында діннің таралуы өзгеше болып тұрған шақта көп жағдайда негіз болған діни оқу орындарының ашылуы. Атап айтқанда, Бұхара, Самарқанд, Үргенч үлкен мәдениет ошағына айналып, осы қалаларда көптеген медреселер ашылды. Онда тек қана шарифат ілімдері оқытылатын болған. Бұл кезінде ислам дінінің таралуына негізгі

арқау болған деуге болады. Мұндай медреселердің ашылып, діни мамандарды әзірлеу ислам дінін Орта Азияда таратудың дәуірлегені соншалық, тіпті, халифат заманында да мұншалықты болмаған деседі. Өйткені, тарихшылардың айтуына қарағанда Бағдат қаласында медреселердің ашылуы тек XI ғасырды көрсетеді. Бұл жайлы В.В.Бартольдтің деректерінде мынадай мәліметтер келеді: «XI ғ. Алғашқы медресе Бағдатта, XII ғ. Каирде, ал XIV ғ. Мароккода салынған» [3,52]. Ал, Саманилердің дәуірі X ғасыр.

Расында, кезінде Бұқара саманилердің ғылыми-мәдени орталығы болып есептелінген. Соның жемісі болса керек, орта ғасырдағы атақты әл-Хорезмидің «Астрономиялық кестесі», ибн Синаның «Медициналық каноны», әл-Фарабидың «Өлең өнерінің қағидалары», Фердаусидің «Шахнамасы» секілді шығармалардың, ғылыми-тұжырымдық озық ойшылдардың белгілі болуы.

Тағы бір айта кетерлік жәйт, мұсылман мектептері мен медреселерінде сауат ашу жолы «Иманшарттан» басталған, екінші оқу жолы «Әптиекті», яғни Құранның жетіден бір бөлігін жаттап, арабша жазу үйренген. Медреселер тек мұсылман рәсімдерін таратушы ғана емес, ірі мәдени орталық қызметін де қоса атқарған. Сондықтан, атақты ақындар, ағартушы ретінде танылған зиялылар осы медреселерді тәмамдаған.

Келесі бір мәселе мұнда оқу мерзімі шәкірттің алғырлығына қарай ұзартылып, қысқартылып отырған. Кейде 15-20 жылға дейін созыла берген. Оқуды тәмамдаған шәкірттерге ресми құжат табыс етілген. XIII ғасырда монғол-татар шапқыншылығы білімнің тежелуіне үлкен әсер етті. Исфиджаб, Отырар, Сайрам, Тараз, Түркістандардағы медреселердің кітапханалары өртеніп, шығыс ғұламаларының мыңдаған еңбектері жойылды. Дегенмен, XVI-XVIII ғасырлардағы діни мектептер мен медреселер қазақ жеріне қайта тарала бастады. Бұл мектептер халықтың өз қаражатымен жұмыс істеді. Сондай мектептердің бірі – Семейдегі «Ахмед Риза» медресесі, онда ұлы ақын – Абай білім алған [4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда қазақ елі қашан да аузынан Алласын тастамайтын, дін мен ғылымды

қатар алып жүретін білімді әрі парасатты жас ұрпақты тәрбиелеп өсіріп келген. Бұған мысал, кешегі батыр бабамыз Бауыржан да Шымкент қаласындағы медреседе діни тәлім-тәрбие алған.

Ал, бүгінде еліміз Қазақстан білім ордалары діни оқу-ағарту жұмыстарын енді қолға алып келеді. Еліміздегі медреселердің ресми түрде жүйелі жұмыс жүргізіп келетіні осының көрсеткіші. Бұл бір жағынан діни білімге жол ашса, екіншіден, жастарымыздың сонау ықылым заманнан бері ата-бабамыз ұстанып келетін хақ Ислам дінінен безіп, дәстүрлі емес өзге жат діндердің жетегінде кетуіне тосқауыл болады. Қала берді, ішкілікке, нашақорлыққа, жыныстық азғындыққа салынып шала бүлінуіне жол бермеуді қарастырады.

Міне, мұның бәрі өз кезегінде жастарымыздың жат діннің жетегінде кетуіне, мысық тілеулес миссионерлердің өз миссияларын Қазақстан аумағында емін-еркін жүргізуіне тыйым салуда септігін тигізери хақ.

Білім алу жайлы Алла тағаланың қасиетті кітабы былай деген: **«Уа, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастар болған оттан (тозақ отынан) құтқарыңдар»** («Тахрим» сүресі, 6-аят).

Бұл аяттардың мағынасын Әли ибн Әбутәліп (р.а.): «Оларға ғылым-білім үйретіп, әдепке баулыңдар», – деп түсінік берген. Ал Хасан Басри: «Аллаһқа мойынсұнуға бұйырып, ізгілікті үйретіңдер», – деп келтіреді.

Хахимнің ибн Аббастан риуаят еткен хадисінде Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Сәбилеріңнің алғашқы сөзін «Лә иләһә иллалламен» ашыңдар әрі өлер кезінде оларға «Лә иләһә иллалланы» айтқызыңдар»,* – деп келеді. Ал, Табаранидің Мұғжамында Жәбір ибн Сумрадан жеткен хадисте Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.): *«Біреулеріңнің баласына әдеп үйретуі оған әрбір күні садақа бергенінен артық»,* – деген.

Дінді зайырлы тұрғыда түсіну керек деген үлкен мәселе бар. Дінді дұрыс түсіну және дұрыс түсіндіре білу керек. Сондай жұмыстар жүргізілмегендіктен, біздің жастарымыздың қайсы бірі басқа дінге кетіп жатыр. Дінді көбіміз түсінбейміз, түсінбеген соң түсіндіре алмаймыз. Сол үшін бізге Исламдық бағыттағы ағартушылық қажет.

Мысалы, татарларда 1926 жылдары жадидизм деген болған. Олар сол арқылы татар халқының ішінде Ислам дінінің тұғырын биіктетуді, салмағын арттыруды көздеген. Бізде солар сияқты батыл да ашық қадамдарға баруымыз, еліміздегі Ислам дінінің тұғырын мызғымайтын етуіміз қажет [5].

Екінші, бір үлкен мәселе дінді ғылыми тұрғыдан тану, яғни дін бұл - ғылым. Осы тұста мынаны анықтау керек: діндар мен діни ғалымның аражігін ашу керек.

Олай дейтініміз, діни ғалым бар да, діндар бар. Демек, діни ғалым бар болса, онда діни ақын да болары анық. «Мұхаммед Хайдар Дулати діни тұрғыдан өте сауатты болған. Онысы Құранның сүрелері мен аяттарынан алған үзінділерді орны-орнымен қолданғанынан көрініп тұр.

Діни ғалым бар да, діндар бар. Екеуінің айырмашылығы мынада. Діндар - Ислам дінін бір кісідей біле отырып, шариғат талаптарын күнделікті бұлжытпай орындайды. Ал діни ғалым- өзі ұстанған діннің қыры мен сырын терең біледі және өзге де діндерден мағлұматтары жетерлік жан. Осы орайда Мұхаммед Хайдар Дулатиді діни ғалым дегеніміз жөн шығар», – дейді белгілі ғалым И.Жеменей [6].

Олай болса, дінді ғылыми тұрғыда терең меңгерген маманды діни ғалым дейміз, шариғат амалдарын күнделікті бұлжытпай орындап жүргендерді діндар дейміз.

Ал ХХІ ғасырдағы жаһандану дәуірінде тәрбие мен білім алуда бір жақтылық байқалады. Бұл сөзімізге қазіргі қоғамымыздағы болып жатқан неше түрлі сұрқия әрекеттер. Оның бастысы білімсіздің материалдық жетістігінің білімдінің алдында көрінуі. Яғни білімсіз де көп нәрселерге жетуге болатындығының мысалы. Расында, бүгінде екі адамның басы қосылса болғаны олардың айтары елдің экономикалық жағдайы мен байлықтың көзі сөз болады. Ал адамның рухани жан дүниесі жайлы сөз де қозғалмайды. Білімнің өзі сөз болған тұста ақшаң болса болды кез келген дипломды сатып алуға боладының кейпін келтіреді. Бұл білімнің инемен құдық қазғанындай емес, ақшаның соңынан кететіндей көрініс табуы. Өкінішке орай, қоғам осындай дертке шалдықты. Кез келген нәрсе ақшамен өлшенген тұста оның осылай болуы да заңды.

Ия, мұндай ортада ата-ана баланың тек қана материалдық жағының жақсаруын көздегендіктен баянсыз

байлықтың соңына түсіп, негізгі нәрселердің барлығын мүлде ұмытып кете беруі мүмкін. Десе де, келешек ұрпағымыздың қоғамда өзіне лайықты орнын таба білуін ұғынсақ, онда баламыздың білім алуы қашанда маңызды екендігін ұмытпаған жөн.

Материалдық қажеттілік те өте маңызды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «*Балаңызды өз заманынан қалдырмаңыз*» деген. Олай болса, баланың өз қатарынан қалмағанын қамтамасыз ету ата-ананың міндеті. Бірақ күнделікті күйбелең тіршілікпен айналысып, үйдегі баланың жағдайына мән бермеу, одан да сорақы.

Күнделікті шаруадан кешкісін үйге келгесін баласының үйде жүргенімен өзін жұбатып, таң атпай қайнаған тіршіліктің көкпарына қайта еніп, кешке тағы да сол күндегі жайды қайталау, балаға қажетті назар салудан аластатады. Айталық, құрылысшы әке тұрғызып жатқан үйінің әрбір қышына мән берсе, базардағы ана сатып отырған затынан алданып қалмай үйге табыспен оралуды көздейді. Ал баласының ойы, онымен сырласу, кімдермен араласып жүргендігі, күнделікті сабағын оқыған-оқымағандығы, болашақ өмірге дайындығы мен арман-мақсаттары тыңдалмай ескерусіз қала береді. Бала көшедегі көрген-білгендерін әке деп санаса, үйдегі теледидары мен жүгенсіз кеткен ғаламтордағы бұзақы көріністері анасы болуда. Яғни, көше – әке, теледидардағы неше түрлі ақпараттар – ана болып шыға келеді. Ата-анасынан тірідей айырылғандардың қатарына осындай жастарды жатқызуға болар еді.

Адамзаттың жаратылысы ана құрсағында қалыптасса, сол мезгілде оған тәрбие мен білімнің алғашқы қадамын дұрыс жолға қою біздің міндетіміз. Осы тұста мына әңгімені келтіруді орынды деп таптық.

Ана құрсағында бала сегіз ай болды. Ұл бала! Тар құрсақтан кең дүниеге шыққысы келіп асыға күтуде. Бірақ күннен күнге науқасы үдей түсті, жан дүниесі сыздатып, екінші сезімі өлтіріп барады. Тіпті жарық дүниеге шығуға қорқады, сыртқы өмірге деген құлқы да жоқ, жанын бір нәрсе жеп барады. Әдеттегідей анасы мен әкесіне жалбарынудың сәті келіп тұр. Құдайдың құтты күні ұрыс-керіс, ол аз болғандай отағасы нәзік ана жанды ұрып та

алады. Ішкендері арақ. Той-томалақ, туған күн десе алдына жан салмайды, әйтеуір сол сылтаумен өзі де, анасы да ащы судан тартып қояды. Өмірге келмей жатып жүрегі елжіреген құрсақтағы баланың анасына деген зары...

Әкешім! Анашым! Ұрыспаңыздаршы! Өтінем, күнде-күнде жаным ауырып барады, шаршадым, мені неге естімейсіздер? Солтуғанкүндітойламай-аққойыңыздаршы, жаным-анашым, неге сонша сол қу дүниені уайымдай бересіз, сіз қайғырған сайын мен де қиналып кетем. Одан да Құран тыңдаңызшы немесе қызық әңгіме айтып беріңізші. Иісі аңқыған сол арам доңыздың етін рахаттанып жейсіз, көрші әйелдермен несіне біреудің отбасына араласып өсек айтасыз? Әке! жұмыс, жұмыс дей бергенше маған да көңіл бөлсеңізші, менің дүниеге келетініме қуанбайтын сияқтысыз. Жыламсырап: Айттым ғой, анашым, сол арам суды ішпеңізші деп, тұншығып барам, ішпеңізші!..

Бала дүниеге келді. Оның дүниеге келуін тойлап тағы да сол шайтан сумен жуып, шайды. Достарымен дастарханда отырып ауыздарына түскен ұл баланың есімдерін қағазға жазып жеребе тастады. Қолға іліккен мағынасы да, мәнісі де жоқ бір адамның аты қойылды. Әрбір толған жасын арам сумен жуумен болды. Жеті жасқа келді. Сүннет той қалып қойыпты. Той, той, той! Құрсақта сезімтал бала осының барлығын көзімен көріп, жүрегімен сезіп келеді. Мектеп табалдырығын да аттап үлгерді.

Қараңыз, бала өсіп келеді. Тәрбиесімен ешкімнің шаруасы жоқ. Анда-санда баласын төмпештеп соғып-соғып алады. Әкенің айтқанын істемейтін баланы қайдан көрдің? Сылтауы осы. Кілең зұлымдықпен өсіп келеді. Анасының да күнделікті үзілмейтін сериялдарынан да шаршады. Теледидардың ішіндегіге өз бауырының қайғысындай қайғырып, кейде ұрсысып алады. Әке де, шеше де таңертеңнен күн батқанға дейін жұмыста. Дүниенің қамы. Үйде ғаламтор ойыны, тыржалаңаш, ұяттан жүрдай адамдардың қылықтары, қан-жоса, атыс-тартыс шетелдің фильмдері. Баланың кешке дейінгі жұмысы осы. Күн батса, сыныптас құрбыларымен қыдырып та үлгереді. Қайтсін, үйде онымен айналысатын ешкім жоқ.

Жұмыстан шалдығып келген ата-ана бір-біріне де қарауға мұрша жоқ, апыр-топыр не ішкендерін білмей

жастыққа жантая кетеді. Әкесінің байлығына сеніп жүрген бала сабақ оқысын ба? Ақшасы жоқтардың да балалары оқып қарық қылып жүрген жоқ әрине, оны айтпасқа болмас. Мектепті де бітірді. Он жеті жасқа дейін баланың құлағына: «Балам сен бай болуың керек, ақшасы мол маман иесі болуың керек, қазір заман сондай, мансап кімде болса, билік те соның қолында», – деген пікір құйылып келеді. Жоғары оқу орнына түсті. Өз білімімен түскендей шіренеді. Бес-алты жыл да өте шықты. Мыңдаған долларға сатылып алынған қызыл диплом! Тағы той! Ішкілік! Бұл жолы бала да бір-екі рөмке ащы судың дәмін татты. Өмір деген, шынымен-ақ, тез өтіп барады екен. Әке-шеше аздап қартайғандай. Баяғы ішкен-жегендері, бүйірлерін инемен шұқылағандай тесіп барады. Екеуі де науқас. Ақшаны аяған жоқ. Жаны ышқынып бара жатса қайтсін, байғұс?! Шетел асып бармаған жерлері жоқ. Ақша көмектеспеді. Әлжуаз халге жеткен екеуі енді ғана балаларының қамын ойлағандай сыңай танытты:

Әкесі: Анасы! Осы соңғы уақытта баланың тәрбиесі бұзылып жүрген сияқты, түнімен үйді көрмейтінді шығарды. Айтқан тілді алмайды, бірдеңе десең бұрқылдайтын әдетті де шығарыпты. Жастар ғой қыдырсын, қатарынан қалмасын деп бір-екі мәрте дискотекаға бара ғой деп едім, енді сол жын ойнаққа баруын үдете түскендей.

Анасы: (Кінәні әкеден көріп). Е-е, отағасы, өзің емес пе жастайынан қолын бір қақпадың, айтқанын істедің. Ол ештеңе емес, сабағын оқуды да қойды, мені қатты мазалайтыны осы.

Әкесі: Оу, енді осы жаман қылықтарды үйреткен мен емес шығар. Баламды ең мықты оқу орнына түсірдім, қатарының алды болсын деп жақсы киіндірдім, ешкімге алаңдамасын деп көлік алып бердім, бұдан басқа оған қандай жақсылық керек өзі?

(Уақыт өтті. Барын төгіп, кедейдің бір жылдық тамағын, жетімнің екі жастық тамағын, байдың бір күндік тамағын дастарханға жайды. Асқазандарын араққа тойдырып, қарайып тұрған жүректері одан сайын қарая түсті. Дастархан басында ақ сақалды ата да, ақ жаулықты апа да, ана да, әке де, бала-шаға да бар. Келген қонақтардың біреуі темір тұлпар, екіншісі тірі тұлпар, кейбіреулері көк қағаздың бес алтауын сыйға тартып кетті. Ішті, жеді, секіріп биледі,

шаршады, таң атты күйеуі әйелін, әйелі күйеуін сүйемелдеп, кешірерсіз, төрт аяқты жануарлардан ешқандай айырмасы жоқ, тек адамша өлеңдетіп үйлеріне тарады, той бітті. Арада көп уақыт өтпеді).

Бала: Пәленше, түгенше деп, әке-шешесінің атын атап, біз келіндеріңізбен бірге бөлек шығамыз, сіздердің өмірлеріңіз, түсініктеріңіз басқа, ал біз жаспыз дегендей, анда-санда келіп тұрармыз деді. (Мұны қалап отырған жаңадан түскен келінжан еді. Ең болмаса, бір ай өтпей-ақ бұл пікірге көне салған да баласы еді).

Әкесі: Балам-ау! Ең болмаса, бірнеше ай келіннің қолынан шай ішейік те. Бөлек шығаруды өзіміз де дұрыс көреміз. Сенен басқа баламыз болса қанекей...

Анасы: Иә, отағасы дұрыс айтады. Келінмен бір шүйіркелесіп әңгімелескен де жоқпыз. Баламыздың рахатын осындайда көрмесек?

Баласы: Біз шешім қабылдап қойдық. Тек үй алатын ақша берсеңіздер болғаны.

Аурушаң әкесі ескіше әдетіне салып: Еркетайым-ау! Туыстардан да ұят қой. Әлі келіннің жүзін көрмегендер де бар. Оның үстіне мына анаң да, мен де науқаспыз, біраз айыққаннан кейін...

Бала: Айттым, болды. Неге түсінбейсіздер. Біз өзімізше өмір сүргіміз келеді. (Бөлменің түкпірінде құлақ салып отырған, өзі де осындай отбасында тәрбие алған келін тыпыршып, көне қойса екен деп ол отыр).

Анасы: Балам-ау! Неге дауыс көтеріп сөйлейсің? Саған жағдайды түсіндіріп отырмыз ғой. Әуелі сен бізді түсінуің керек емес пе? Тойға түскен табысты да есептеп үлгермедік.

Бала: Сүйіктімнің көңілін қалдырғым келмейді. Оған келісімімді беріп қойдым.

Әкесі (жүрегі қысылып): Сонда қалай, осы уақытқа дейін сені аймалап, бағып-қаққан ата-анаңды тыңдамайсың ба? Ең болмаса, анаңды аясаңшы?! Айтқан тілді ала ғой, балам. Бірнеше айдан соң өзіміз де үй алып, бөлек шығарармыз.

Бала: Жетер, енді! Айтқанымнан қайтпаймын. Маған ақша бермесендер менің атыма жаздырған атамның ескі үйін сатып, қаладан шағын үй алам. (Үйдің кілтін қалтасына, әйелін қасына алып есікті бір теуіп шыға жөнелді. Артынан: «Балам, балам!» деп зар жылап ата-анасы қалды.)

Шындыққа тура қарайықшы! Біздің тәрбиеміздің негізі осы ғой. Жоқ! Тәрбие бұлай болмайды, жалпы өмірді мұндай бейшаралықпен өткізуге бола ма? Айналырған қамшының сабындай қысқа өмірді осындай сорақылықпен өткізсек, қандай отбасы бақыты, Отан, жәннат бізге бұйырады?

Оның сара жолы біреу ғана. Ол – тәрбие. Рухани, діни негіздегі қазақи тәрбие! Аллаһтың хақ жолы. Бұдан басқа шешім жоқ. Жоқ, әлде, әлгіндей өмір ұнай ма? Мұндай өмірдің қай жері ұнайды? Балаларымыз осылай шайтанның жетегінде жүрсе, аһ ұрып әке-шеше мұңға батса, баланың рахатын көреміз деп, азабын тартса, ақыры тозақ болса, несі жақсы?

Ата-ананың тәлім-тәрбиесі қандай болса, қоғамның да мінез-құлқы сондай болмақ. Өйткені, халық та, қоғам да, Отан да ата-анадан, айналдырған екі адамнан құралады. Сондықтан, ең әуелі адамның өзі дұрыс болу керек. Өзі кір адам біреуді қалайша тазалайды? Өзі қисық адам басқаны қандай құралмен түзетеді? Ата-ананың көңілі далада болса, баланың көзі қайда болады?

Сөзімізді түйіндей келгенде, «балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала» қайдан болсын! Бала ішіндегі арман-тілектерінің барлығын бөгделермен бөлісіп, үйіне жат адам болып өсіп жетіледі. Ал, «балам аш қалмасын, қатарынан кем болмасын» деп тіршіліктің күйбеңімен жүргенде ата-ана байғұс, күндердің күнінде бетіне бақшиып қарап, «ә» десе «мә» деп тұратын яки көше мен теледидардан көрген тәрбиесінің бәрін өздерін елемеген ата-анасына көрсеткенде, өзінің емес өзгенің баласын көргенде, жағасын ұстап, зар жылайды.

Сол себепті, балаға білім беру тәрбиенің сыңары екендігін есте ұстаған абзал. Бүгінгі техниканың дамыған кезінде өз заманына сай білімді де, білікті баланы жетілдіру тағы да ата-ананың борышы болмақ. Айталық, соның бірі әрі бірегейі хәкім Абайдың өлең жолдарындағы: «Баламды медресеге біл деп бердім...», деп жырлағанынан артық мысал болмаса керек-ті. Олай болса, бұл мәселені де жан-жақты қарастыру өте маңызды. Ал, қазақ еліндегі діни тәрбиенің және мектеп-медреселердегі діни білім ошақтарының қайта қалыптасуы осындай жәйттердің алдын алудың бір жолы деп білген жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда бала тәрбиесі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Кешегі кеңес өкіметі тұсында баланы тәрбиелеудің басты қағидасы партияның негізгі ұстанымдары бойынша қалыптасса, бүгінде ол келмеске кетті. Ендігі баланың тәрбиесінің ұстанымы нақтыланбаған мына қоғамда бізге бір ғана тәрбиенің қайнар көзі қалғандай. Ол – Ислам тәрбиесі.

Рас, баланың тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бірақ діни тәрбие десе, үрке қарайтынымыз бар. Олай дейтініміз, баланы тәрбиелеу жай ғана мәселе емес. Сол себепті айтуға оңай болғанымен өмірде қыруар қиыншылыққа толы мәселенің бірі. Ұсынылған еңбекте тәрбиенің, оның ішінде ислами тәрбиенің маңыздылығы сөз етілді. Оның басты ұстанымдары сараланып, талқыланды. Бұл мәселе жайлы қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері келтірілді. Ал, оны санаға сіңдіріп, саралап қабылдау оқырманның үлесінде. Сондықтан, баланың тәрбиесіне енжар қарамайтындарға ұсынылған ислами тәрбиенің ұстанымдары кім-кімге де салиқалы ой салары сөзсіз.

Баланың өсіп-жетілуі ата-анаға тікелей байланысты. Бұл ретте ата-ананың бала алдындағы міндеттері де жүйелі түрде ұсынылды. Рас, ата-анаға құрмет көрсету қажет. Бірақ, атам қазақта: «Не ексең, соны орасың» деген нақыл бар. Олай болса, өзімізді құрметтеу үшін соны түсінетін баланы тәрбиелеу біздің міндетіміз. Яғни, баланың санасына не берсек, келешек соны аламыз.

Баланың алдындағы міндетімізді жақсы атқара білсек, онда қадір-қасиетті түсіне білген баланың сый-құрметпен қайтарымын берері анық. Мұның басты белгісі ибалы да, инабатты жанды өсіріп жеткізу. Еңбекте ұсынылған ата-ананың міндеттері осы мәселені қамтиды.

Әрине, бұл да оңай шаруа еместігі белгілі. Ата-ана тек қана саналы білім берумен шектелмей, оған қажетті материалдық жағдайларды да қарастыруы тиіс. Қанаты кең ашылған құстың барар жері де алыс болатынындай,

баланың да жан-жақты жетілуі, оның келешектен көп үміт күттіретіндігінің бір көрсеткіші.

Баланы тәрбиелеуде ата-ана өзінің перзентіне тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс. Мұндайда балаға өзіміз үлгі боларлықтай амал-әрекетімізді, яғни әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады. Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл жоғарыда келтірген: «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады.

Рас, кез келген ата-ана бүгінде мұндай сұраныстарға жауап бере алмасы анық. Бірақ, бұған жағдай жоқ деп қашанда ауызды қу шөппен сүртіп, қол қусырып отыру да жақсы емес. Кез келген жақсылыққа ұмтылған дұрыс. Бұл дегеніңіз, өзіңіз жете алмағанға балаңыздың жететініне ұмтылу дегенді аңғартады. Міне, сонда ғана еңбегіңіздің нәтиже бергеніне куә боласыз.

Тоқсан ауыз сөзімізді түйіндей келгенде, өскелең ұрпағымызды тәрбиелеп, оған заман талабына сай білім беру кез келген ата-ана алдындағы міндет. Ұсынылып отырған еңбек осы міндеттердің басты ұстанымдары талдап, саралап ұсынған оқулық ретінде әзірленді. Ал, бұл міндеттерді амалға асыруды оқырманның патша көңіліне қалдырдық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құран кәрім қазақша мағына және түсінігі. Сауд Арабиясы. 1991 ж.
2. Риядус-Салихин I том, 288 х.
3. Бартольд В. В. Ислам, Петроград Из. «Огни» 1918 г. Стр. 52.
4. Дүйсенбаев Ж. «Қазақстан білімі – кеше, бүгін, ертең».
5. Есім Ғ. «Егемен Қазақстан» газеті. 21.10.2006 ж.
6. Жеменей И. «Егемен Қазақстан» газеті.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Бала тәрбиесіндегі басты ұстанымдар	4
Ата-ананың бала алдындағы міндеттері	10
Исламдағы бала тәрбиесінің маңыздылығы	15
Балаға білім беру	21
Қорытынды	30
Пайдаланған әдебиеттер	31